

«KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының
2018 жылғы 13 маусымдағы №414 шешімімен
«Бекітілген»

**«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік
қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты**

Астана қ., 2018 жыл

ІНҚ БОЙЫНША ТҮЙІНДЕМЕ

ІНҚ атауы	«KazakhExport» ЭСК» АҚ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты
ІНҚ иесі	Комплаенс-бақылаушы
Қолжетімділік деңгейі	Жалпыға қолжетімді
Құрылымдық бөлімшелерді ІНҚ-мен таныстыру бойынша іс-шаралар	ІНҚ-ні «Ішкі портал» желілік дискісіне орналастырған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы жіберу

«KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар:

№	Енгізілген өзгертулер, толықтырулар	Хаттаманың күні мен нөмірі
1	«KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешіміне сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілді	2019 жылғы «30» желтоқсандағы №55
2.	«KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешіміне сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілді	20____ж. «____»_____ № ____
3.	«KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешіміне сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілді	20____ж. «____»_____ № ____
4.	«KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешіміне сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілді	20____ж. «____»_____ № ____

«KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешімімен күші жойылды деп танылды (20____ж. «____»_____ № ____ хаттама).

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	5 бет
2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың түрлері.....	6 бет
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары.....	6 бет
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг.....	7 бет
5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау.....	7 бет
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар.....	9 бет
7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер.	9 бет
8. Мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу.....	11 бет
9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.....	11 бет
10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға есептілікті ұсыну	12 бет
11. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары.....	12 бет
12. Қорытынды ережелер.....	13 бет
1-қосымша.....	14 бет
2-қосымша.....	17 бет
3-қосымша.....	18 бет
4-қосымша.....	19 бет

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына және «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Саясат:

1) Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы негізгі ережелерді;
2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі басқару және ұйымдастыру негіздерін;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сондай-ақ олардың зардаптарын барынша азайту және (немесе) жою жөніндегі іс-шараларды;

4) Қоғам қызметкерлерінде Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын мүлтіксіз сақтау бойынша мінез-құлықты тәрбиелеуді белгілейді.

3. Саясаттың мақсаты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және анықтау бойынша бақылауды күшейту, сондай-ақ Қоғамда оларды қатаң қабылдамау ахуалын қалыптастыру болып табылады.

4. Саясаттың міндеті Қоғам қызметкерлерінің еңбек міндеттерін орындау кезінде адалдық пен ашықтық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ететін құқықтық мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

5. Саясатта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) мүдделер қақтығысы - лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда осы аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін.

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

3) сыбайлас жемқорлық - Қоғамның лауазымды адамының, қызметкерінің өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – Қоғамның лауазымды тұлғаларының, қызметкерлерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

5) контрагент – Қоғам азаматтық заңнамамен реттелетін қатынастарға кірген немесе кіруді жоспарлап отырған жеке немесе заңды тұлға.

6) лауазымды тұлға – Қоғам Басқармасының, Директорлар кеңесінің мүшесі не Қоғамда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды атқаратын тұлға;

7) *тармақшаға «KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 55 хаттама)*

7) қызметкер - Қоғам басқармасының мүшелерін қоспағанда, Қоғаммен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру және

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласын үйлестіру жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы орталық атқарушы орган; оның ведомствосы, аумақтық бөлімшелері;

9) тармақшаға «KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 55 хаттама)

9) Комплаенс-бақылаушы – Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыстарды жүргізуге жауапты Қоғам қызметкері.

2-тарау. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар түрлері

6. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген әрекеттер жатады, оның ішінде:

1) пара беру не алу, сондай-ақ пара беруге делдалдық;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес өзге де мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алу;

3) қаржылық есептілікті әдейі бұрмалау;

4) Қоғам активтерін заңсыз пайдалану және (немесе) иемдену және (немесе) ұрлау: ақша қаражатын ұрлау, ақша қаражатын мақсатсыз пайдалану, негізгі құралдарды, тауар-материалдық құндылықтарды ұрлау;

5) сыбайлас жемқорлық сипатындағы іс-әрекеттер, лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану және лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалану: мүліктік пайда алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді пайдалану, құжаттарды қолдан жасап және (немесе) бұрмалап, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі бұзушылықтар, ақшалай сыйақылар, қымбат бағалы сыйлықтар не өзге де пайда алу үшін тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағаны арнайы көтеру немесе төмендету, Қоғамның қызметі үшін маңызы бар ақпаратты қасақана жою, деректер базасын жою немесе олардағы мәліметтерді өзгерту, үшінші тұлғалардың қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін немесе жеке мақсатта бағдарламаларды енгізу;

6) қосымша пайда алу мақсатында контрагенттер жасайтын іс-әрекеттер, салдарынан Қоғамға және (немесе) мемлекетке залал келтірілуі мүмкін өзге де іс-әрекеттер;

7) контрагенттердің алдау не жаңылыстыру және Қоғам есебінен пайда табу мақсатында көрінеу жалған, өзгертілген не бұрмаланған ақпарат беруі;

8) пайда табу және (немесе) қызметке залал келтіру және (немесе) Қоғамның беделіне теріс әсер ету мақсатында Қоғамның ақпараттық жүйелеріне рұқсатсыз енгуге немесе құпия ақпаратты иеленуге бағытталған іс-әрекеттер;

9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың өзге де түрлері.

3-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар мыналарды қамтиды:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды бекіту;

4) Қоғамның лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауы;

5) мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу;

6) Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жасалған жұмыс туралы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға есептілікті ұсыну;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шаралар.

4-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг

8-тармақ «KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда баяндалған (2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 55 хаттама)

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг - Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану тәжірибесінің жай-күйіне, сондай-ақ Қоғамның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдау және бағалау жөніндегі қызметке қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, қорыту, талдау және бағалау.

9-тармақ «KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда баяндалған (2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 55 хаттама)

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні Қоғамның қызметі болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік органының нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен, оның ішінде:

1) Қоғамның ішкі нормативтік актілерінің жобаларына оларда сыбайлас жемқорлық нормалардың болуы тұрғысынан комплаенс-сараптама жүргізу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Қоғам қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасына мониторинг жүргізу;

3) Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністері фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардың клиенттерінің өтініштерін қарау;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қоғамның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері бар ішкі құжаттарын бұзудың анықталған фактілері бойынша қызметтік тексерулер жүргізу;

5) бұқаралық ақпарат құралдарында Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының қызметі туралы жарияланымдардың мониторингі;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің құқық қолдану практикасын зерделеу;

7) заңда белгіленген тәртіппен кінәлі деп танылған адамдардың қызметінде сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу;

8) сыбайлас жемқорлық және алаяқтық туралы қылмыстық істер немесе әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы істер бойынша Қоғамның құқықтық қамтамасыз ету департаменті дайындаған материалдар мен өзге де іс жүргізу құжаттарын зерделеу жолымен жүргізіледі.

10 тармаққа «KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 55 хаттама)

10. Комплаенс-бақылаушы тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізеді, оның нәтижелері осы Саясатқа 4-қосымшаға сәйкес ресімделген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге негіз болады.

5-тарау. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау;

11. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау (бұдан әрі - Талдау) деп сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді анықтау және зерделеу жөніндегі қызмет түсініледі.

12. Талдау жүргізу туралы шешім сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған тәртіппен жүргізілетін комплаенс-тәуекелдерді бағалау қорытындылары негізінде қабылданады.

13. Талдау объектісі Қоғамның құрылымдық бөлімшесінің (бұдан әрі - Бөлімше) қызметі болып табылады.

14 тармаққа «KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 55 хаттама)

14. Талдауды Комплаенс-бақылаушы Қоғам Басқармасы төрағасының бұйрығына (бұдан әрі - Бұйрық) сәйкес Комплаенс-бақылаушының Қоғам бөлімшесіне талдау жүргізу қажеттілігін негіздейтін қызметтік жазбасының негізінде жүргізеді. Қажет болған жағдайда Комплаенс-бақылаушы Қоғамның Басқарма төрағасының келісімі бойынша Қоғамның басқа мүдделі емес құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерін тарта алады.

15. Бұйрық келесі ақпаратты қамтуы тиіс:

- 1) қызметі Талдауға жататын Бөлімшенің атауы;
- 2) Талдау бағыты;
- 3) Талдауды жүргізуге Қоғам қызметкерінің аты-жөні;
- 4) Талдау жүргізу кезеңі;
- 5) басқару, үйлестіру және талдау жүргізу үшін жауапкершілік жүктелетін Қоғамның

лауазымды тұлғасы.

16. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

1) Бөлімшенің қызметін қозғайтын Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Бөлімшенің ұйымдастыру-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

17. Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіне қатысты мынадай мәселелер көтеріледі:

1) персоналды, оның ішінде кадрлардың ауысуын басқару;

2) мүдделер қақтығысын реттеу;

3) Бөлімше қызметінің Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі.

18. Талдау жүргізу үшін ақпарат көздері:

1) Қоғамның ішкі нормативтік және басқа құжаттары, Бөлімше қызметін қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері;

2) Бөлімшеге қатысты мемлекеттік органдар немесе Қоғамның Ішкі аудит қызметі бұрын жүргізген тексерулердің нәтижелері;

3) комплаенс-тәуекелдерді бағалау нәтижелері;

4) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;

5) Жеке және заңды тұлғалардың Бөлімшеге келіп түскен өтініштері;

6) прокурорлық қадағалау актілері;

7) сот актілері;

8) беруге Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсат етілетін өзге де мәліметтер.

19. Осы Саясаттың 18-тармағында көрсетілген ақпаратты уақтылы және толық ұсыну үшін жауапкершілік Бөлімше басшысына жүктеледі.

20. Талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама дайындалады, ол:

1) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпаратты;

2) оларды жою бойынша кеңестерді;

3) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдарды іске асыру мерзімдерін қамтиды.

21. Талдамалық анықтама қызметінде Талдау жүргізілген Бөлімшенің басшысымен келісіледі және оған осы Саясаттың 15-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген лауазымды тұлға қол қояды.

22. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдары бар талдамалық анықтама оларды жою бойынша шаралар қабылдау үшін қарау және тапсырмалар беру үшін Қоғам Басқармасының төрағасына кіргізіледі.

23. Талдау нәтижелері Қоғамның Басқарма төрағасының тиісті келісімін берген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Қоғамның интернет-ресурсында орналастырылады.

6-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар

24. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар - Қоғамның қызметі үшін белгіленген сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсыныстар жүйесі. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары осы Саясаттың №1 қосымшасында берілген.

7-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер

25. Қоғамның лауазымды адамдарының өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерге пайдалануға әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттер жасауына жол бермеу мақсатында аталған тұлғалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдайды:

1) Қоғамда функционалдық міндеттерін орындаумен үйлеспейтін қызметті жүзеге асырмау;

2) жақын туыстарының, ерлі-зайыптылардың және жекжаттарының бірге қызмет етуіне (жұмыс істеуіне) жол бермеу;

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында ресми таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

4) *тармақша «KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда баяндалған (2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 55 хаттама)*

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, өзінің лауазымдық өкілеттіктерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдауға жол бермеу.

алтыншы абзац «KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда баяндалған (2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 55 хаттама)

Қоғам Басқармасының мүшелері болып табылатын лауазымды тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісімін Қоғамның Адам ресурстарын басқару департаменті осы Саясатқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша олар қызметке кіріскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ресімдейді.

Қоғамның лауазымды адамдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға лауазымға қабылдаудан бас тартуға не қызметтен босатуға әкеп соғады, оларды сақтауға қылмыстық жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда олардың өкілеттіктерін тоқтату үшін негіз болып табылады.

26. Қоғамның лауазымды тұлғаларына:

1) егер шаруашылық жүргізуші субъектіні басқару немесе басқаруға қатысу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олардың лауазымдық міндеттеріне кірмейтін болса, шаруашылық жүргізуші субъектіні басқаруға дербес қатысуға, мүліктік немесе өзге де игіліктер алу мақсатында өзінің қызметтік өкілеттіктерін заңсыз пайдалану арқылы

ұйымдардың немесе жеке тұлғалардың материалдық мүдделерін қанағаттандыруға жәрдемдесуге;;

2) ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығындағы облигацияларды, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық ұйымдардың акцияларын (ұйымдардың дауыс беретін акцияларының жалпы санының бес пайызынан аспайтын көлемдегі жай акциялар) сатып алуды және (немесе) өткізуді қоспағанда, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;

3) педагогикалық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметтен басқа, ақы төленетін басқа да қызметпен айналысуға тыйым салынады.

27. Қоғамның лауазымды тұлғалары өздеріне меншік құқығымен тиесілі тұрғын үйді мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруге және осындай тапсырудан табыс алуға құқылы.

28. Қоғамның лауазымды тұлғалары қызметке кіріскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде осы адамдарға заңды түрде тиесілі ақшаны, облигацияларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген мүлікті қоспағанда, өздеріне тиесілі, пайдаланылуы табыс алуға әкеп соғатын мүлікті Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен осы функцияларды орындау уақытына сенімгерлік басқаруға беруге міндетті.

29. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты нотариалды куәландырылуға тиіс.

30 тармаққа «KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 55 хаттама)

30. Акцияларды сатып алған жағдайда Қоғамның лауазымды тұлғалары оларды сатып алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сенімгерлік басқаруға беруге міндетті. Қоғам Басқармасының мүшелері болып табылатын лауазымды тұлғалар шартты нотариалды куәландырылғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Қоғамның Адам ресурстарын басқару жөніндегі департаментіне мүлікті сенімгерлік басқаруға арналған нотариалды куәландырылған шарттың көшірмесін ұсынуға міндетті.

31-тармақ «KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда баяндалған (2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 55 хаттама)

31. Қоғам Басқармасының мүшелері болып табылатын лауазымды тұлғалардың осы тарауда көзделген міндеттемелерді орындамауы оларға тәртіптік жаза қолдану, оның ішінде олардың тиісті өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату үшін негіз болып табылады.

32. Қоғамның лауазымды тұлғалары өздерінің жақын туыстары және (немесе) жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарды атқара алмайды.

Саясаттың осы тармағының талаптарын бұзатын Қоғамның лауазымды тұлғалары, егер олар аталған бұзушылық анықталған сәттен бастап үш ай ішінде оны өз еркімен жоймаса, мұндай бағыныстылықты болдырмайтын лауазымға ауыстырылуға тиіс, ал мұндай ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда осы қызметшілердің бірі қызметінен босатылуға немесе аталған функциялардан өзге де босатылуға тиіс.

Ескертпе:

Жақын туыстар деп ата-аналар (ата-на), балалар, асырап алушылар, асырап алынған балалар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері, жекжаттары деп - жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары мен балалары түсініледі.

Саясат «KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 32-1 тармақпен толықтырылған (2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 55 хаттама)

32-1. Қоғам Басқармасының мүшелері болып табылатын лауазымды тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шектеулерді сақтауына мониторингті Комплаенс-бақылаушы жүзеге асырады.

Саясат «KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 32-2 тармақпен толықтырылған (2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 55 хаттама)

32-2. Қоғам Басқармасының мүшелері болып табылатын лауазымды тұлғалар Комплаенс-бақылаушының сұратуы бойынша жылына кемінде бір рет осы Саясатта көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау туралы жазбаша ақпаратты 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынады.

Осы Саясатта көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді бұзатын немесе бұзуы мүмкін барлық жағдайлар туралы Қоғам Басқармасының мүшелері болып табылатын лауазымды тұлғалар, сондай-ақ Адам ресурстарын басқару департаменті Комплаенс-бақылаушыны осындай жағдайлар туралы өздеріне белгілі болған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

Саясат «KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 32-3 тармақпен толықтырылған (2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 55 хаттама)

32-3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді бұзу фактілері анықталған жағдайда Комплаенс-бақылаушы анықталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде тиісті ақпаратты Қоғамның Басқарма төрағасының және Адам ресурстарын басқару департаментінің назарына осындай бұзушылықтарды осы Саясатта және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында көзделген мерзімде жою қажеттігі туралы көрсете отырып жеткізеді.

Анықталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді бұзу фактілері және осыған байланысты қабылданатын шаралар туралы ақпарат Аудит жөніндегі комитетке және Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынылатын Комплаенс-бақылаушының жүргізген жұмысы туралы тоқсан сайынғы есепке міндетті түрде енгізілуі тиіс.

8-тарау. Мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу;

33 тармақтың алтыншы абзацы «KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда баяндалған (2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 55 хаттама)

33. Егер мүдделер қақтығысы болса, Қоғамның лауазымды тұлғаларына лауазымдық міндеттерді жүзеге асыруға тыйым салынады. Қоғамның лауазымды тұлғалары мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті. Қоғамның лауазымды тұлғалары туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе ол туралы өздеріне белгілі болған кезде оның туындау мүмкіндігі туралы Басқармаға, Қоғамның Директорлар кеңесіне (Корпоративтік хатшы арқылы), өзінің тікелей басшысына (ол болған кезде), Комплаенс-бақылаушыға жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндетті.

Директорлар кеңесінің төрағасы, Қоғамның Басқарма Төрағасы лауазымды тұлғалардың өтініштері бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу бойынша Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен уақтылы шаралар қабылдауға міндетті.

9-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

34 тармаққа «KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 55 хаттама)

34. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру Қоғамның әрбір басшысы мен қызметкерінің борышы болып табылады және Комплаенс-бақылаушы, Адам ресурстарын басқару департаменті білім беру сипатындағы шаралар кешені арқылы, сондай-

ақ PR-менеджер ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырады.

Ескертпе:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру деп сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында Қоғам қызметкерлерін оқытудың үздіксіз процесі түсініледі.

2. Ақпараттық және ұйымдастырушылық қызмет деп бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды ұйымдастыру және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шаралар түсініледі.

10- тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға есептілікті ұсыну

35. Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс туралы ақпаратты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

36. Ақпарат құрамында:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында жүргізілетін жұмыс және жағдайы туралы мәліметтер;

2) Талдау жүргізу нәтижелері;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша Қоғам жоспарларының орындалуы немесе орындалмауы (орындалмауының себептерін көрсете отырып) туралы мәліметтер;

4) *тармақша «KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда баяндалған (2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 55 хаттама)*

4) тұжырымдар мен ұсыныстар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға ұсынылатын есепте көрсетілуге жататын өзге де мәліметтер болуы тиіс.

37. Ақпаратқа Қоғамның Басқарма төрағасы немесе оның орнындағы адам қол қояды, ол мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығын және оның уақтылы берілуін қамтамасыз етеді.

38. Қоғам ақпаратты жылына екі рет ұсынады:

1) жарты жылдықтың қорытындылары бойынша - есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей;

2) жыл қорытындысы бойынша - есепті жылдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей.

11- тарау. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары

39-тармақ «KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда баяндалған (2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 55 хаттама)

39. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу Қоғамның тиісті ішкі нормативтік құжатында көзделген тәртіппен, оның ішінде:

1) іскерлік беделді белгілеу және мүдделер қақтығысын анықтау үшін контрагенттерді тексеруді жүзеге асыру;

2) Қоғамның аффилиирленген тұлғаларын және онымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаларды есепке алу;

3) Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын нормаларды болдырмау мақсатында Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын сараптау;

4) Қоғамда ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

5) Қоғамның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері мен контрагенттері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар Комплаенс-бақылаушыға өзінің күдігі туралы хабарлай алатын кері байланыс тетіктерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету немесе оған Қоғамның кез келген лауазымды тұлғасы, қызметкері, Қоғам контрагентінің лауазымды тұлғасы, қызметкері, өкілі жасаған ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы басқа тұлғалардан алынған мәліметтерді беру;

б) сыбайлас жемқорлықтың болуы мүмкін жағдайлары туралы қызметтік тексерулер жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

12-тарау. Қорытынды ережелер

40. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік жауаптылықта болады.

41. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық, әкімшілік немесе тәртіптік жауапкершілік шаралары қолданылған Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Қоғамға материалдық залалды өтеу бойынша жауапкершіліктен босатылмайды.

42. Саясат талаптарының орындалуына Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өз құзыреті шегінде жауап береді.

43. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Саясат қабылданған күннен бастап, ал Қоғамда лауазымдық және (немесе) еңбек міндеттерін орындау басталған сәттен бастап жаңадан қабылданғандар Саясатқа №2 қосымшада көзделген нысан бойынша олар зерделегенін, түсінгенін және саясатты адал ұстануға міндеттенетінін растауға міндетті.

44. Осы Саясатта көзделмеген өзге жағдайлар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі. Осы Саясат Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына қайшы келген жағдайда, Қазақстан Республикасының нормалары қолданылуға тиіс.

«KazakhExport» ЭСК» АҚ-ның
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл саясатына
1-қосымша

**«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы»
акционерлік қоғамының
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары**

1. «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Қоғам қызметкерлері (бұдан әрі - қызметкерлер) үшін өздерінің лауазымдық міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру кезінде мінез-құлықтың құндылықтық және моральдық сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарлары жүйесін құру арқылы Қоғамда сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік ахуалына қол жеткізуге бағытталған.

3. Қоғамдық қатынастар саласының атауы: сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Қоғам қызметкерлеріне мынадай мінез-құлық нормаларын белгілейді:

1) заңдылық қағидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтау;

2) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтау мен қорғауды қамтамасыз ету;

3) Қоғамның беделін түсіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермеу;

4) мүдделер қақтығысының туындауы, лауазымдық міндеттерін орындау кезінде жеке мүдделілік туралы, сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа және сыйлықтар алуға бейімділік туралы тікелей немесе тура басшыға баяндау;

5) қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке және (немесе) пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмау;

6) өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде олардың бейтарап шешім қабылдауына әсер етуі мүмкін өзара қарым-қатынастың белгіленген тәртібін бұзатын, заңсыз өтініштермен әріптестерге және басшыларға жүгінуден тартыну;

7) басқа қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндірмеуге және мұндай іс-әрекеттерді көтермелемеуге;

8) лауазымдық міндеттері мен өкілеттіктерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдамау;

9) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбау;

10) егер ол жақын туыстық және отбасылық қатынастардағы адамдарға (*ата-аналары, жұбайлары, аға-інілері, апа-сіңлілері, балалары, жекжаттары (жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары мен балалары*) тікелей бағыныштылығымен немесе бақылауға алынуымен байланысты болса, лауазымға тағайындаудан бас тарту;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;

12) Қоғам басшылығына сыбайлас жемқорлықтың белгілі фактілері туралы, оның ішінде материалдарды немесе сөзбұйдаға салу фактілерін жедел қарау үшін қандай да бір пайда алуға бейім болу туралы дереу баяндау;

13) орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәні туралы өзінің тура немесе тікелей басшысына дереу жазбаша нысанда хабарлау;

14) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылған болса, жоғары тұрған басшыға жүгіну;

15) әріптестерден сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті сақтауды қолдау және талап ету;

16) мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың және олардың салдарларының туындау ықтимал себептері мен жағдайларын жою жөнінде тұрақты негізде шаралар қабылдау;

17) табыс алумен байланысты кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметті жүзеге асыруда қайсыбір адамға жәрдем көрсетуден тартыну;

18) үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе мүдделік білдіруден, сол сияқты олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан тартыну;

19) материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, сондай-ақ өзге де мемлекеттік мүлік пен қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсатта пайдаланбау.

5. Барлық деңгейдегі басшылар бағыныстағылармен қарым-қатынаста:

1) кадрларды туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

2) бағынысты қызметкерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін дәл айқындау;

3) бағынысты қызметкерлер арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу;

4) бағыныстылар қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;

5) бағынысты қызметкерлерге анық орындалмайтын немесе олардың қызметтік міндеттерінің шеңберінен шығатын, сондай-ақ заңдарға қайшы келетін өкімдер бермеу;

6) қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбау;

7) бағынысты қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлеу;

8) бағынысты және басқа қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеу және жолын кесу;

9) бағынысты қызметкердің өзінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу жөнінде уақтылы толық шаралар қабылдау;

10) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша толық шаралар қабылдау;

11) бағыныстағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою;

12) бағыныстағы қызметкерлерді қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін тартуға жол бермеу;

13) өзінің мінсіз мінез-құлқымен бағынысты қызметкерлерге үлгі беру қажет.

6. Барлық деңгейдегі басшылар осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың сақталуын қамтамасыз етеді және оларға бағынысты қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты ұйымдастырады.

«KazakhExport» ЭСК» АҚ-ның
 сыбайлас жемқорлыққа қарсы
 іс-қимыл саясатына
 2-қосымша

РАСТАУ

Осы нысанды «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл саясатын (бұдан әрі - Саясат) мұқият зерделегеніңізді, түсінгеніңізді және адал ұстануға міндеттенетіңізді растау үшін пайдаланыңыз.

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері осы толтырылған және қол қойылған нысанды Саясат қабылданған күннен бастап, ал жаңадан қабылданған қызметкерлер - Қоғамда еңбек және (немесе) лауазымдық міндеттерін орындау бастаған сәттен бастап Адам ресурстарын басқару департаментіне жіберуге міндетті.

<p><i>Осы нысанды толтырыңыз, қол қойыңыз және оны баспа түрінде Қоғамның Адам ресурстарын басқару департаментіне жіберіңіз</i></p>	<p>Қоғамда еңбек және (немесе) лауазымдық міндеттерін орындай бастаған сәттен бастап Сіз Саясатты мұқият зерделеуге, түсінуге және адал ұстануға міндеттісіз.</p> <p>Сіздің растауыңыз</p> <p><i>(Туісті ұяшықтарды белгілеңіз)</i></p>	
	<input type="checkbox"/>	Мен Саясатты зерттеп, түсінгенімді растаймын.
	<input type="checkbox"/>	Мен Саясатты адал ұстануға міндеттенемін.
	<input type="checkbox"/> Мұнда қол қойыңыз	
	<input type="checkbox"/> Т.А.Ә.	
	<input type="checkbox"/>	<i>Қолы</i>

Саясат «KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешіміне сәйкес 3-қосымшамен толықтырылды (2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 55 хаттама)

«KazakhExport» ЭСК» АҚ-ның
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл саясатына
3-қосымша

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісім

Мен, «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының _____ қызметін атқаратын, (аты-жөні) _____, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 1-тармағына сәйкес, көрсетілген Заңның 13, 14, 15-баптарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сондай-ақ «KazakhExport» ЭСК» АҚ-да Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының талаптарын сақтау мақсатында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы:

- 1) мемлекеттік функцияларды орындаумен үйлеспейтін қызметті жүзеге асыру;
- 2) жақын туыстарының, ерлі-зайыптылардың және жекжаттарының бірге қызмет етуіне (жұмыс істеуіне) жол бермеу;
- 3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында ресми таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;
- 4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, өзінің лауазымдық өкілеттіктерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдау;
- 5) мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соқтыруы мүмкін іс-әрекеттерді жасау, ал ол пайда болған жағдайда - бұл туралы «KazakhExport» ЭСК» АҚ-ның Директорлар кеңесін «KazakhExport» ЭСК» АҚ-ның тиісті ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен және мерзімде жазбаша нысанда хабардар ету бойынша шектеулерді қабылдаймын.

Лауазымды тұлғаның қолы _____

күні _____

Саясат «KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқармасының шешіміне сәйкес 4-қосымшамен толықтырылды (2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 55 хаттама)

«KazakhExport» ЭСК» АҚ-ның
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл саясатына
4-қосымша

**«KazakhExport» ЭСК» АҚ-да _____ жылдың _____ тоқсанында жүргізілген
сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері**

I. Кіріспе бөлім

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні:
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті жүргізген _____ (Т.А.Ә. және лауазымын көрсету), жұмыс телефоны _____, электрондық поштасы _____.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті жүргізу кезеңі: _____ басталды _____ аяқталды.
4. Бақыланатын кезең: _____ жж. қызмет

II. Ақпараттық-талдау бөлімі

«KazakhExport» ЭСК» АҚ қызметіндегі сыбайлас жемқорлықтың жай-күйі мен пайда болу себептерін сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер.

III. Қорытынды бөлім

Қорытындылар Қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жақсарту бойынша кеңестер мен ұсыныстар.